

ҚАРАҒАНДЫ МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Балалар жасындағы стоматология және хирургиялық стоматология
кафедрасы

СӨЖ

Балалар стоматологиялық клиникасында баладан анамнез жинау

Орындаған: Қазақбай Б. А

4-001 стом

Тексерген: Аймуханбетов Б.Б

Қарағанды 2016

Жоспар

Кіріспе

Негізгі бөлім

- ✓ Шағымы
- ✓ Өмір анамнезі
- ✓ Ауру анамнезі
- ✓ Аллергиялық анамнез
- ✓ Соматикалық анамнез

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе

Стоматологиялық емханада жылы жағдайы бала мен дәрігердің арасындағы қарым қатынасты жақсартады. Жихаздардың жылы түсі, стоматологиялық орындықтың жылы бояуы, айналасындағы ойыншықтар мен суреттер жаңа орында өзін жайлы сезінуге жағдай жасайды.

Дәрігердің жылы лебізі мен әдемі киімі, дауысының ырғағы баламен қатынасу үшін өте маңызды болып ескеріледі, ол баладан қорқыныш пен үрей сезімін жояды. Егер дәрігер баланы есімімен атаса ол өзін сенімді сезінеді. “Неше жастасың?” “Сен иттерді жақсы көресің бе?” “Қандай сабақты ұнатасың?” деген дәрігердің сұрақтары баламен қатынасты жеңілдетеді, оның үрейін басып, сенімділік береді. Баламен танысуды және анамнез жинауды стоматологиялық орындықтан жүргізеді.



- ▶ Балалар стоматологиялық клиникасында баланы клиникалық тексеру мақсаты балаға дұрыс диагноз қою және диагноз бойынша емін жүргізу және аурулардың алдын алуына бағытталған жұмыс болып табылады.
- ▶ Баланың клиникалық тексеру әдістері субъективті – науқасты сұрау (медициналық және стоматологиялық анамнез жинау), шағымы және объективті – беткей қарау, перкуссия, пальпация, аусткультация, ауыз қуысын тексеру, термодиагностика, физикалық және рентгенологиялық әдістер мен лабораториялық әдістер жатады.

Негізгі баланың тексеру әдістерінің бірі дұрыс анамнез жинау болып табылады. Анамнез жинауды баланы немесе оның жақындарын сұрастырудан басталады. Баланың шағымы тікелей негізгі ауру мен қосымша ауруға байланысты болады.

Стоматологиялық науқастардың негізгі шағымы бет –жақ аймағының немесе тістерден болатын ауруға байланысты болып келеді.

Келесі көрсеткіштер сұрастырылады:

- ▶ Ауру сипаты (өздігінен пайда болатын, себепті)
- ▶ Орналасуы (ошақты немесе таралған)
- ▶ Ұзақтығы (аз уақытты, ұзақ созылған)
- ▶ Иррадиация бар немесе жоқ

Шағымы

Балалардың негізгі шағымдары температурасының жоғарылауына, жайсыздықтың болуына, жалпы жағдайының нашарлауы, әлсіздіктің болуына жиі шағымданады. Жақ бет аймағының одонтогенді аурулары ауырсынумен, жұмсақ тіндердің ісінуімен, регионарлы лимфа түйіндерінің ұлғаюы мен ауырсынумен жүреді.

Тістердің ауруы кезінде науқас ауырсынуға, ауыз қуысында кариес қуысының болуына, оның түсінің өзгеруіне, тістердің қозғалғыштығына шығымданады. Пародонт ауруларында ауырсыну, қызыл иектің қанауына, тістердің қозғалғыштығына, тістердің қызыл иектік қалталарынан іріңнің шығуына, ауыз қуысынан жағымсыз иістің шығуына шағымданады. Ауыз қуысының шырышты қабатының және еріннің аурулары кезінде ауруға, сөйлеген кезде болатын қатты ауырсынуға, ойыө жаралардың пайда болуына, ерінде және ауыз қуысында юолуына шағымданады. Ал тіс жақ аймағының дефектілері кезінде эстетикалық шағым болады.



MedUniver.com
ВСЕ ПО МЕДИЦИНЕ...

Стоматолог-дәрігер сұрастыру кезінде шағымында келесі ауырсынудың сипатына назар аудары керек:

- орналасуына;
- ауырсыну сипатына (ұстама тәрізді);
- ауырсыну белгілеріне (жедел, талма тәрізді, ұстама тәрізді);
- интенсивтілігіне;
- тамақтанумен байланысына;
- термиялық тітіркендіргіштерге әсері;
- пайда болу және ауырсыну себебіне.

Өмір анамнезі — баланың немесе оның ата-анасын сұрастыру арқылы баланың өмірі жайлы ақпарат жиынтығын айтады. Өмір анамнезінің көмегімен стоматологиялық аурулардың дамуы мен олардың дамуындағы қателі факторларды анықтауға көмек жасайды.



Өмір анамнезі

Өмір анамнезі қолайлы және қолайсыз болады.

Өмір анамнезі қолайсыз болуы аурудың пайда болуына әсер ететін және оның дамуына жағдай жасайтын факторлар болғанды айтады. Оның ішіне сондай ақ ауруға деген генетикалық бейімдеушілік, қосымша жүрген басқа да аурулар, тамақтану және өмір жағдайының бұзылуы кіреді.

Өмір анамнезі қолайлы болуы баланың денсаулығы, тамақтануы және өмір деңгейі жақсы жағдайда болған кезде саналады

Ата-анасымен әңгімелесу кезінде стоматолог дәрігер келесі жағдайларды ескереді:

- ▶ Баланың туылу орны мен қазіргі уақытта өмір сүріп жатқан мекені (эндемиялық флюороз, эндемиялық зоб туындауының белгісі).
- ▶ Баланың дамуының антенатальді кезеңін анықтау анасының жүктілік кезінде әсер еткен әр түрлі факторларды анықтайды, ол өз кезегінде балада туа пайда болған жеткізсіздік белгісі: тіс жақ аймағы дамуының өзгерістері, тістердің қатты тіндерінің дамымауы, кариеске деген жоғары сезімталдық және т.б. Сонымен қоса, ұрықтың физиологиялық және жақ бет аймағының дамуының бұзылыстары, ананың жүктілік кезіндегі токсикозы, анасының жедел және созылмалы соматикалық және гинекологиялық аурулары, жүктілік кезінде анасының дәрі дәрмекті қабылдау, психоэмоционалды стресс, жұмыскерлік қауіпті факторлар, дұрыс тамақтанбау. Мысалы, ерте токсикоз баланың кариеске деген тұрақтылығын төмендетеді, ал кеш гестоз кезінде балада тістердің қатты тіндерінің жүйелі гипоплазиясы дамиды.

- ▶ Баланың дамуы мен туылу мерзімі балада гипоплазия мен сүт тістерінің кариесінің дамуын көрсеткішін анықтауға болады, туылу кезінде болған жарақаттар әсерінен туындайтын тіс жақ аймағының деформациясы.
- ▶ Постнатальді және емізу кезеңі де өте маңызды, ол тікелей емізуге байланысты болады. Жасанды емізу кезінде балада ерте кезден бастап кариестің дамуын жоғарылатады деп саналады.
- ▶ Әрі қарай баланың өсіп дамуында тіс жақ аймағының дамуына дұрыс тамақтану тікелей әсер етеді. Ұзақ уақыт бойы бөтелкеден тамақтану, әрдайым жұмсақ тағаммен тамақтану, асты дұрыс шайнамау тіс жақ аймағының дамуына әсер етеді. Баланы кішкентайдан бастап жиі тәтті тағамдармен тамақтандыру, тамақ рационында сүт тағамдардың, жеміс, көкөністердің аз болуы кариестің дамушы себебі. Қышқыл тағамдар мен қышқыл сусындарды, газдалған сусындарда жиі пайдалану эмаль эрозиясына әкеледі.

- ▶ Баланың жалпы жағдайы тікелей ауыз қуысының саулығына әсерін тигізеді. Кариеске деген тұрақтылықты түсіретін жағдайлар жедел және созылмалы аурулар, антибиотиктерді жиі қолдану табылады.
- ▶ Соматикалық аурулар ауыз қуысының патологиясының дамуына әсер етеді. Көптеген соматикалық аурулар ауыз қуысының белгілі ауруларын туындатады. Рахит тістердің кариесін, гипоплазия, тіс жақ аймағының деформациясын туындатады; қантты диабет ауыз қуысының пародонтты ауруларын туындатады;
- ▶ Баланың психикалық және физикалық дамуы, профилактикалық егу жасау туралы ақпарат маңызды. Қыз балаларда жасөспірімдік кезеңде гормоналды статусын ескереді, ол деген ауыз қуысының патологиясының дамуында маңызы зор.
- ▶ Баларда инфекциялық аурулардың болуы. Ол кезде стоматологиялық жұмысқа кіріспен дұрыс инфекция ошағын жоюға бағытталады.

- ▶ Аллергоанамнез: аллергиялық анамнезді жинауға аса мән беріледі. Аллергиялық аурулардың болуын білу өте маңызды (атопиялық дерматит, бронхиалды астма), олардың клиникалық белгілері, пайда болу мерзімі мен жиілігі, қандай аллергиялық заттармен пайда болатыны, жыл мезгілімен байланысы бар екендігі маңызды.
- ▶ Дәрілік аллергияның бар жоғын ең алдымен баланың амбулаторлы картасына енгізіледі.
- ▶ Фторидтарды қолдану ерекшелігін ескері флюороздың және кариестің дамуында алдын алуға көмек жасайды.
- ▶ Эпидемиологиялық анамнез: ауыз қуысының шырышты қабатының инфекциялық аурулары кезінде жүргізіледі, баланың инфекциялық науқаспен болған қатынасын, оның уақыты мен ұзақтығын анықтайды.
- ▶ Стоматологиялық ауруларға деген тұқымқуалаушылық ауруларды анықтау ата анасының стоматологиялық патологиямен тексеру жүргізеді. Тұқымқуалаушылықпен келесі аурулар беріледі: кариеске бейімдеушілік, пародонт аурулары және т.б
- ▶ Балада ауыз қуысының дұрыс гигиеналық тазалығы
- ▶ Жағымсыз әдеттер (саусағын сору, ерінін тістеу)

Ауру анамнезі — аурудың басталуынан оның стоматолог-дәрігерге көрінгенге дейінгі уақыттағы динамикасын көрсететін баламен және оның ата анасының субъективті сипаты.



Ауру анамнезін жинаған кезде келесі белгілерге назар аударылады:

- ▶ ауру қашан және қалай басталды (жедел, бірден, біртіндеп);
- ▶ Аурудың пайда болуында инфекция, жарақат, интоксикациямен, суықтанумен байланысы; ауруға әсер еткен факторлар;
- ▶ Клиникалық көрінісінің ерекшеліктері (бірінші патологиялық белгілер, олардың өзгерісі, жаңа симптомдардың пайда болуы);
- ▶ Ауру ағымы (әрі қарай дамушы, кері қарай дамушы, екіншілік пайда болуы);
- ▶ Жағдайын жақсартатын факторлар;
- ▶ Аурудың қайталануын тудыратын факторлар;
- ▶ Оған дейін жүргізілген тексеріс және оның нәтижесі;
- ▶ Оған дейін жүргізілген емдеу және оның нәтижесі;
- ▶ Жүргізілген профилактикалық әдістер;

Соматикалық анамнезге кіреді:

- ▶ Ағзаның барлық мүшелер жүйесінің жағдайын қамтиды. Ең негізгі мәліметтер:
- ▶ Жүрек қантамыр жүйесі (мысалы, жүрек зақымдануы, қандық қысым, ревматоидты артрит);
- ▶ ОЖЖ (мысалы, апоплексиялық соққы, психикалық дамуының бұзылысы);
- ▶ Эндокринді жүйе (мысалы, диабет);
- ▶ Асқазан ішек жүйесі (мысалы, гепатит);
- ▶ Тыныс алу жүйесі (мысалы, астма, бронхит, жоғарғы тыныс жолының инфекциясы);
- ▶ Қан ұюдың тұқымқуалаушылық бұзылысы
- ▶ Зәр шығару жүйесі (бүйрек ауруы, уретральді рефлюкс);
- ▶ Аллергии;
- ▶ Операциядан кейінгі жағдай

Қорытынды

Балалар стоматологиялық клиникасында баланы клиникалық тексеру мақсаты балаға дұрыс диагноз қою және диагноз бойынша емін жүргізу және аурулардың алдын алуына бағытталған жұмыс болып табылады.

Баланың клиникалық тексеру әдістері субъективті – науқасты сұрау (медициналық және стоматологиялық анамнез жинау), шағымы және объективті – беткей қарау, перкуссия, пальпация, аусткультация, ауыз қуысын тексеру, термодиагностика, физикалық және рентгенологиялық әдістер мен лабораториялық әдістер жатады.



Қолданылған әдебиеттер

- ▶ В.А Зеленский, Ф.С Мухорамов «Балалар хирургиялық стоматологиясы және бет жақ хирургиясы», Мәскеу 2016
- ▶ С.В. Дьякова Стоматология Детская Хирургия, Мәскеу 2009
- ▶ Л.В. Харьков, Л.Н. Яковленко, И.Л. Чехова «Хирургическая стоматология и челюстно-лицевая хирургия детского возраста», Мәскеу 2005
- ▶ Персин Л.С. Стоматология детского возраста. – М.: Медицина, 2008
- ▶ <https://www.google.kz>